

Егемен Астана

Жалындырылған республикалық газет • 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады • www.egemen.kz

• Элем және Қазақстан

Фаламдық этика Жер планетасын қорғайды



Астанада 23 тамызда басталатын «Мәдениеттер жақындаусының халықаралық онжылдығының» ресми тұсаукесері аясында ЮНЕСКО-ның «Фаламдық этика: Жер планетасын сақтаймыз» атты халықаралық конференциясы болып өтті. Онда жердегі әлеуметтік және мәдени жүйелердің тұрақтылығын сақтауды көздөйтін «Жаһандық этиканың» өзекті мәселелерін қолдау және дамыту жолында халықаралық қоғамдастықтың құш-жігерін үйлестіру жайы талқыланды.

Серік ПІРНАЗАР,
«Егемен Қазақстан».

Конференцияның басты мақсаты адамның әмбебап құқыктарына негізделген ғаламдық этиканы ынталандыру, мәдениетаралық диалог пен барша үшін әлеуметтік теңдікті орнату арқылы тұрақты дамуды

одан әрі қамтамасыз ету болып табылады. Ал іс-шараның ашылу салтанатына ЮНЕСКО мен ИСЕСКО істері жөніндегі Қазақстан ұлттық комиссиясының төрағасы Иманғали Тасмагамбетов, Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаты Дағиға Назарбаева, Мәдениет және ақпарат вице-министрі Асқар

Бөрібаев, ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік клубтар, орталыктар, ассоциациялар федерациясының президенті Джордж Христофиес, ЮНЕСКО-ның Азия-Тынық мұхит клубтар, орталыктар және ассоциациялар федерациясының президенті Джей Кун Ю қатысты.

– Бұл жолғы диалог алдағы айда Нью-Йорктеге орналасқан БҮҮ-ның бас кенсесінде жалғасын табады. Онда жаһандық құндылықтар жайы ортага түседі. Ен мәнзыздысы, біз осы форумда түзілген ұсыныстарымызды сонда түгел ұсынатын боламыз, – деді Джордж Христофиес. – Бүгін біз, сөл кешірек, арнағы комиссия жұмысының нәтижесін көрөміз: комиссия бізге «Астана

Декларациясының» жобасын ұсынады. Осының барлығы казіргі кезде Астананың ете манызды өрнекшіліктерінде Астанаға айта алады.

Ол өз сезінде сонымен қатар, Еуропа мен Азияның орталықтарында, Еуразия жүргегінде орналасқандыктан, Қазақстанның мәдениеттердің жаһандықтырудың жаһандық ауқымдағы үрдісінде атқаралық рөлінің айрықша екеніне нағар аударды. Бұдан кейін Джей Кун Ю өзінен Қазақстан лидерінің ерекше еңбегін атап өтті.

– Мен Қазақстандағы тұлғалардың әлемдегі бейбітшілік пен көлісімге қатысты көптеген мәселелер бойынша улкен қамкорлық танытып отырганына күә boldым, – деді ол. – Қазақстан

конақжай, достық пейілдегі мейірбап ел болып табылады. Қазақ елі көптеген мәдениеттердің мұрасына ие. Қазақ елінен біз үлесімнің үлгісін көріп отырмыз. Осының арқасында Қазақстан айтартылған экономикалық есімге кол жеткізуде. Мұның барлығы таңғалдырады, таңдай қақтырады. Қазақстан қоғамы айқын жолдың арқасында тұркакты дамуда. Қазақ елінде орнықсан құндылықтар да-мумен үндесуде.

Конференцияға қатысушылар бүгін «Мәдениеттер жақындаусының халықаралық онжылдығының» тұсаукесеріне қатысады.

Суретті түсірген
Ерлан ОМАРОВ.